



ЕҰУ | 2025 ЖЫЛ

ҮСТЕУ

Бу: Ниязбек Айзада



ҚАБЫЛДАҒАН: ҚАПАНТАЙҚЫЗЫ ШЫНАР



ЖОСПАР:

- Үстеу
- Үстеудің мағыналық түрлері
- Құнды дерек
- Пайдаланылған әдебиеттер



Үстеу дегеніміз не?

Қимыл, іс-әрекеттің, сын-сапаның әр түрлі белгілерін, сипатын, жай-күйін білдіріп, өзгертуге, грамматикалық тұлғалармен түрлендіруге көне бермейтін сөздерді үстеу дейміз.

Үстеу көбінесе етістік және сын есім болған сөздермен тіркеседі.

Мысалы: *кеше келді, тез сөйлейді, өте ыстық, кілең жастар т.б.*



ҮСТЕУЛЕР МАҒЫНАСЫНА ҚАРАЙ 7 ТҮРГЕ БӨЛІНЕДІ:

<i>Түрі</i>	<i>Сұрақтары</i>	<i>Мысалы</i>
Мезгіл	<i>қашан? қашаннан?</i>	бүгін, биыл, кешке, қазір, енді, ендігәрі, күнімен, бұрын, күні бойы
Мекен	<i>қайда? қайдан?</i>	ілгері, кейін, мұнда, сонда, әрі, жоғары, төмен, алға, артта
Сын-қимыл	<i>қалай? қайтіп? кімше?</i>	әрең, тез, адамша, бірте-бірте, келе сала, бірге, лезде, емін-еркін
Мөлшер	<i>қанша? қаншалық? қаншалап?</i>	онша, анағұрлым, соншалық, мұншама, қыруар, әжептеуір
Мақсат	<i>не мақсатпен?</i>	әдейі, әдейілеп, жорта, қасақана
Себеп-салдар	<i>не себепті? неге?</i>	бекерге, босқа, жоққа, амалсыздан, лажсыздан, шарасыздан
Күшейткіш	<i>қалай? (етістік) қандай? (сын есім)</i>	өте, тым, аса, дәл, нағыз, ылғи, кілең, әбден, орасан, ерен,

!!! Күшейткіш үстеуге сұрақ қойылуы: әбден дайындалған (қалай?), өте биік (қандай?)

Үстеудің құрамына қарай түрлері

Үстеулер құрамына қарай 3 түрге бөлінеді:

1.Негізгі түбір үстеу (түбір күйінде болады): тез, жылдам, кеше, төмен т.б.;

2.Туынды түбір үстеу (жұрнақтар жалғану арқылы жасалады):

-**ша, -ше**: адамша, балаша;

-**лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей**: ақшалай, шикілей, осылай;

-**дайын, -дейін, -тайын, -тейін**: бұлбұлдайын, жорғадайын;

-**шама, -шеме**: соншама (түбірі – сол), мұншама (түбірі – бұл);

-**шалық, -шелік**: соншалық (түбірі – сол), мұншалық (түбірі – бұл);

-**майынша, -мейінше, -байынша, -бейінше, пайынша, -пейінше**:

айтпайынша, келмейінше;



!!! Кейбір жұрнақтар бірнеше қосымшаның бірге қолданылуынан жасалады. Оларды құранды жұрнақтар дейміз.

Мысалы: -майынша (-ма + -йын + -ша); -дайын (-дай + ын),
-шама (-ша + ма).



ЕҰУ | 2025 ЖЫЛ

3.Күрделі үстеу (құрамында екі немесе одан да көп түбір болады).

Мысалы: таңертең, жаздыгүні, әрең-әрең, күні бойы, ертеден қара кешке дейін т.б.




!!! Кейбір туынды үстеулер түбірмен сіңіскен септік жалғауларының көнеленуі арқылы жасалады:

- бірге жүр (бірге – барыс септігіндегі сөз);**
- баяғыда келген (баяғыда – жатыс септігіндегі сөз);**
- шетінен білгіш (шетінен – шығыс септігіндегі сөз);**
- жөнімен айтты (жөнімен – көмектес септігіндегі сөз).**

Құнды дерек!

Қазіргі қазақ тілінде үстеу сөз табы –өзіндік қыры мен сыры толық ашылмаған, жан-жақты зерттеуді қажет ететін күрделі сала. Қазақ тіл білімінде үстеулер жалпы сөз табының бірі ретінде қарастырылғаны болмаса, жекелеген монографиялар, диссертациялық жұмыстар көлемінде аз зерттелген [1]

Көне түркі тілінде -да, -де, -та, -те формалары арқылы есім сөздерден мекен үстеулері жасалған. Мысалы, бунта, анта, онда, антада, т.б. «Кодекс куманикус» қолжазбасында мекен үстеулері артында, үстүндә, түбіндә[6] түрінде келеді.[2]





ЕҰУ | 2025 ЖЫЛ

Әдебиеттер тізімі

- Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б.
Куманша-қазақша жиілік сөздік. –Алматы, 1978. –278 б.
- Серкебаева Г.Ы, Серкбаева Ы. Р «КОДЕКС КУМАНИКУС»
ҚОЛЖАЗБАСЫНДАҒЫ ҮСТЕУЛЕРДІҢ ЛЕКСИКА-
ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ // <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.05//> (мақала)



ЕҰУ | 2025 ЖЫЛ

РАҚМЕТ!

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап!



ҚАБЫЛДАҒАН: ҚАПАНТАЙҚЫЗЫ ШЫНАР